**2010 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Аққөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 18 маусымдағы № А-6/132 қаулысы. Ақмола облысы Аққөл аудынының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 шілдеде № 1-3-139 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аққөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 7 маусымдағы № А-6/240 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аққөл ауданы әкімдігінің 07.06.2013 № А-6/240 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Ақмола облысы Аққөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінінің шақыру участкесінде шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар, 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. 1 - қосымшаға сәйкес аудандық шақыру комиссиясының құрамы құрылсын.

3. 2, 3 – қосымшаларға сәйкес 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды жүргізу кестесі бекітілсін.

4. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Аққөл орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны (келісім бойынша) шақыру комиссиясының құрамында медициналық куәландыруды өткізу үшін медициналық комиссия құрылсын.

5. «Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер Департаменті Аққөл аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулысы 2010 жылғы 15 сәуірден туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.М. Қанатоваға жүктелсін.

8. Осы қаулы Аққөл аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аққөл ауданы әкімінің м.а. А. Кривицкий*

КЕЛІСІЛДІ:

*«Ақмола облысы Аққөл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы К.Т. Нұрмағамбетов*

*Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Аққөл орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорынның бас дәрігері Б.Ғ. Жүнісов*

*«Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі Ақмола облыстық ішкі істер Департаменті Аққөл ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Ж.А. Сәрсембаев*

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы «18» маусымдағы № А-6/132 қаулысына 1 - қосымша

**Аудандық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ**

Нұрмағамбетов Келден Төлегенұлы - «Ақмола облысы Аққөл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)

Ахметқалиева Мәдинә Шайыхқызы - «Аққөл аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

Сексенов Біржан Қадырұлы - «Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Аққөл ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Гернер Александр Иванович - «Ақмола облысы Аққөл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әскери қызметкерлерді келісім шарт бойынша іріктеу және шақыру бөлімшесінің бастығы (келісім бойынша)

Тақысов Сайлау Сағындықұлы - «Аққөл ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі заң бөлімінің Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі бас маманы

Лещинская Ада Қасымқызы - Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Аққөл орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорынның бас терапевті, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша)

Абдуллаева Жәмилә Керімқызы - Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Аққөл орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорынның жұқпалы ауруды бақылау медициналық бикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы «18» маусымдағы № А-6/132 қаулысына 2 - қосымша

## Азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

| № р/с | Қала және ауылдық (селолық) округтердің, ауыл (село) атауы | Шақырушылардың саны | Жұмыс күндері және шақырушылар саны | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сәуір | | | | | | | | | | | Мамыр | | | Маусым | | |
| | | | 15 | 16 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 26 | 27 | 28 | 29 | 04 | 05 | 06 | 01 | 03 | 04 |
| 1 | Аққөл қаласы | 220 | 50 | 50 | 50 | 50 | 20 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 2 | Новорыбинка | 23 | - | - | - | - | - | 23 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 3 | Урюпинка | 31 | - | - | - | - | - | - | 31 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 4 | Наумовка | 26 | - | - | - | - | - | - | - | 26 | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 5 | Кеңес | 29 | - | - | - | - | - | - | - | - | 29 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 6 | Еңбек | 21 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 21 | - | - | - | - | - | - | - |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Қарасай | 23 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 23 | - | - | - | - | - | - |
| 8 | Жалғыз-қарағай | 21 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 21 | - | - | - | - | - |
| 9 | Азат | 17 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 17 | - | - | - | - | - |
| 10 | Қырық-құдық | 9 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 9 | - | - | - | - |
| 11 | Бөгенбай | 6 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 6 | - | - | - |
| | БАРЛЫҒЫ: | 426 | 50 | 50 | 50 | 50 | 20 | 23 | 31 | 26 | 29 | 21 | 23 | 38 | 9 | 6 | - | - | - |

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы «18» маусымдағы № А-6/132 қаулысына 3 - қосымша

## Азаматтарды 2010 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

| № р/с | Қала және ауылдық (селолық) округ-тердің, ауыл (село) атауы | Шақы-рушы-лар-дың саны | Жұмыс күндері және шақырушылар саны | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қазан | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | 01 | 04 | 05 | 06 | 07 | 08 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| 1 | Аққөл қаласы | 233 | 50 | 50 | 50 | 50 | 33 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 2 | Ново-рыбинка | 24 | - | - | - | - | - | 24 | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 3 | Урюпинка | 32 | - | - | - | - | - | - | 32 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 4 | Наумовка | 27 | - | - | - | - | - | - | - | 27 | - | - | - | - | - | - | - |
| 5 | Кеңес | 30 | - | - | - | - | - | - | - | - | 30 | - | - | - | - | - | - |
| 6 | Еңбек | 22 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 22 | - | - | - | - | - |
| 7 | Қарасай | 24 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 24 | - | - | - | - |
| 8 | Жалғыз-қарағай | 23 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 23 | - | - | - |
| 9 | Азат | 18 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 18 | - | - |
| 10 | Қырық-құдық | 10 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 10 | - |
| 11 | Бөгенбай | 7 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 7 |
| | БАРЛЫҒЫ: | 450 | 50 | 50 | 50 | 50 | 33 | 24 | 32 | 27 | 30 | 22 | 24 | 23 | 18 | 10 | 7 |

| Қараша | Желтоқсан | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 01 | 05 | 02 | 06 |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК